



Guidebook

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕ КӨКТЕМ САМАЛЫ





ҚҰРМЕТТІ ОҚУШЫЛАР!

**КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС – ДЕМАЛЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ,
ӨЗІМІЗДІ ДАМУҒА ТАМАША МҮМКІНДІК. ОСЫ
УАҚЫТТЫ ПАЙДАЛЫ ӨТКІЗУ ҮШІН СІЗДЕРДІ КІТАП
ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ! КІТАП – БІЛІМНІҢ БҰЛАҒЫ, ОЙ-
ӨРІСІМІЗДІ КЕҢЕЙТІП, ҚИЯЛЫМЫЗДЫ ҰШТАЙДЫ.**

**СҮЙІКТІ ЖАНРЫҢЫЗДЫ ТАҢДАП, ЖАҢА ӘЛЕМДЕРГЕ
САЯХАТ ЖАСАҢЫЗ. КӨРКЕМ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ
КӨПТЕГЕН ТАМАША ТУЫНДЫЛАР СІЗДЕРДІ КҮТЕДІ.**

**ДЕМАЛЫСЫҢЫЗ МАЗМҰНДЫ ӘРІ ПАЙДАЛЫ БОЛСЫН!
КІТАП СІЗДІҢ ЕҢ ЖАҚЫН ДОСЫҢЫЗҒА АЙНАЛСЫН!**



1-4 - СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН КІТАПТАР ТІЗІМІ





Мәжитов Б. Ауылдың суреті:
повесть, өлеңдер, жұмбақтар /
Б. Мәжитов. – Алматы : Балалар
әдебиеті, 2022. – 133 б.

Бұл жинақта Бағдат Мәжитовтың
«Ауылдың суреті» атты кітабында
әңгімелер мен әлем
халықтарының ертегілері,
өлеңдер, жұмбақтар,
метаграммалар кіріп отыр. Кітапта
балалар және жасөспірімдердің
өмірінен өткен қызықты сәттері,
қиялдары мен армандары,
қызықты ертегілер тән болмыс-
бітімдері суреттеледі.

Тапсырма:

Оқыған шығармаң бойынша
көз алдыңа ауыл бейнесін
елестетіп, суретін сал!





**Күмісбайұлы Ш. Солақай :
повестер мен әңгімелер /
Ш.Күмісбайұлы. – Алматы :
Балалар әдебиеті, 2005. – 158 б.**

**Солақай» (повестер мен
әңгімелер). Бұл томда
жазушының «Солақай» және
«Қамшыкие» повесімен
тоқсанға жуық қыс-қа да
нұсқа әңгімелері енген.
«Солақай» повесі үшін авторға
2008 жылы халықаралық
“Алаш” сыйлығы берілген.
Негізгі тақырыбы – спорт**

Тапсырма:

**Өзің білетін еліміздің
танымал спортшылары
жайлы эссе жазып көр!**





Қойшыбаев Б. Ғарышқа жаяу
саяхат : фантастикалық
хикаялар / Б.Қойшыбаев. -
Алматы : "Таймас" баспа үйі,
2011. - 56 б.

Ғарышқа жаяу саяхат
кітабында фантастикалық
хикаялар жазылған

Тапсырма:

Егер сен ғарышқа саяхат
жасайтын болсаң, қай
ғаламшарға барар едің? Өз
саяхат маршрутың мен
зерттегің келетін
ғаламшарлар жайлы ойыңды
жаз немесе суретін сал!



Заря
ЖҰМАНОВА

ҒАЖАЙЫП
ОРМАН


"Алматы-Болашақ" АҚ
Алматы
2022



Жұманова З. Ғажайып орман / З.
Жұманова . – Алматы : Алматы-
Болашақ, 2022. – 159 б.

Танымал жазушы Заря
Жұманова – «Екіге бөлінбейтін
келіншек», «Түнгі оттар», «Сіз
іздеген әлем», «Ақбота»,
«Күләйша, Рокфеллер және
басқалар», «Запах дождя», т.б.
атты прозалық кітаптардың
авторы. Оның жаңа кітабы
балалар мен жасөспірімдерге
арналған. Кітаптың тілі
тартымды, оқиғалары қызықты

Тапсырма:

Оқыған шығармаң
бойынша орман
табиғатын суретке
айналдырып салып көр!



ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ

Хайуанаттар туралы
ертегілер
Тұрмыс-салт ертегілері
Қожанасыр туралы
аңыздар
Күлдіргі ертегілер




Қазақ ертегілері: Хайуанаттар туралы ертегілер. Тұрмыс-салт ертегілері. Қожанасыр туралы аңыздар. Күлдіргі ертегілер / Құраст. А.Сәулебаева. – Шымкент : Шикула және К, 2013. – 104 б.

Қазақ ертегілері — қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің маңызды бір бөлігі. Бұл ертегілердің көпшілігі табиғат құбылыстарын, адамдық қасиеттерді, мифтік кейіпкерлерді, батырлар мен ақылды адамдарды суреттейді. Олар әдетте ғажайып оқиғалар, арман мен қиялға толы болып келеді. Қазақ ертегілерінде халықтың дүниетанымы, моральдық құндылықтары мен дәстүрлері көрініс табады.

Тапсырма:

Оқыған осы шығарма бойынша өзіңе ұнаған кейіпкерді “Менің сүйікті ертегі кейіпкерім” тақырыбында суретін сал!





Әуезов М. Көксерек : әңгімелер
/ М. Әуезов ; Құраст. О. Асқар. –
Алматы : Балауса, 2006. – 508 б.

«Көксерек» – қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің адам мен табиғат арасындағы күрделі қарым-қатынасты суреттейтін повесі. Шығармада тұз тағысы – қасқырдың өмірі мен адамның оған деген көзқарасы шебер бейнеленген.


Тапсырма:

Көксерек пен Құрмаш арасындағы достықты сипаттап, өзің де достық жайлы ойыңды жаз



5-8 - СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН КІТАПТАР ТІЗІМІ






Нәжімеденов М. Менің
топырағым: жыр кітабы /
Ж. Нәжімеденов. – Алматы :
Жазушы, 1985. – 286 б.

«Менің топырағым» – қазақтың
көрнекті ақыны, жазушы
Жұмекен Нәжімеденовтің туған
жер, ел мен халық тағдыры,
адамгершілік құндылықтар
туралы ой толғайтын
шығармасы. Бұл кітапта
автордың поэзиясы мен прозасы
астасып, оқырманды туған
жердің қадірін түсінуге, ұлттық
рухты сезінуге шақырады.

Тапсырма:

- 1) Шығарма жайлы
қысқаша шолу жаз
- 2) Шығарманың ең әсерлі
тұсы қайсы болды?
- 3) Шығармадағы ең
маңызды 3 ойды таңдап,
неге таңдағаныңды
түсіндір





Сопыбеков А. Көңілді біздің күніміз:
өлендер, мысалдар, ертегілер,
аңыздар, поэмалар /
А. Сопыбеков. – Алматы : Таймас,
2021. – 303 б.

Бұл кітапқа автордың Отанға, туған
жерге, табиғатқа деген
сүйіспеншілік сезімді арттыратын,
ержүректілікке, еңбексүйгіштікке,
кішіпейілділікке, жақсылыққа
жетелейтін жыр - өлеңдері
енген. Ақынның әр тақпақ -
өлеңдерінің, мысалдары мен ертегі,
аңыздарының астарында жатқан
ұятты да әдемі әзілдер оқушының
намыс отын оятары айдан анық.

Тапсырма:

Кітаптағы ұнаған
тақырып бойынша
оқиғаларды немесе
шығарма мазмұны
жайлы суретін сал!





Айтматов Ш. Ақ кеме. Бетпе-бет. Алғашқы ұстаз: әңгімелер / Ш. Айтматов; Құраст. О. Асқар. – Алматы : Балауса, 2006. – 476 б.

Әйгілі жазушы "Ақ кеме" повесінде кішкентай ғана баланың көзімен әлемнің қуанышы мен қайғысына үн қосқан аңыз бен мифті шындықпен астастыра суреттейді. "Ұрпақ – өмір жалғасы" деген мәңгі философиялық қағиданы қарапайым аза ғана халық – нивхлер тіршілігінен алып, шегіне жеткізе бере білген шығармасы "Теңіз жағалай жүрген тарғыл төбет" көркемдік қуат – күшімен ерекшеленеді. "Қош бол, гүлсары!" – жүйрік жылқының тағдыры арқылы қоғамдық әлеуметтік болмысты тереңнен тануға арналған. Жинақ қалың оқырманның көңілінен шығады деп ойлаймыз.

Тапсырма:

Шығарма бойынша өз ойыңды немесе сұрақтарың мен ұсыныстарыңды "АВТОРҒА ХАТ" ретінде жолдауыңа болады!





Қазақ мақал-мәтелдері / Құраст.
Ж.Асықова. – Алматы: Балауса, 2013.
– 95 б.

Қазақ мақал-мәтелдері – қазақ халқының өмір тәжірибесін, дана сөздерін, тұрмыс-салттары мен мәдениетінің айнасы болып табылатын сөз өнерінің асыл мұралары. Олар ұрпақтан ұрпаққа жетіп, қоғамның адамгершілік, моральдық құндылықтарын, тәрбиелік мәнін насихаттайды. Мақал-мәтелдерде көбінесе табиғат, еңбек, достық, отбасы, білім мен тәрбие сияқты маңызды ұғымдар қамтылады.

Тапсырма:

Оқыған мақал-мәтелдеріңнің арасынан біреуін таңдап, мағынасын түсіндіру үшін иллюстрация, сурет немесе қызықты жазбалар арқылы постер дайында!





Қазымұратұлы Ж. “Қара ала сырмақ” /
Ж.Қазымұратұлы. —
Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2023.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Жақсылық Қазымұратұлының шығармасы. Бұл туынды қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, тарихи кезеңдерін тереңірек зерттейді. Әңгімеде басты кейіпкерлердің өмірі арқылы ұлттың ішкі қайшылықтары, адамгершілік құндылықтар мен рухани ізденістер қарастырылады.

Шығарманың негізгі идеясы — ұлттық болмыс пен әлеуметтік өзгерістер арасындағы күрес. Кітапта заманның тыныс-тіршілігі, қазақ ауылында орын алған өзгерістер мен жеке тұлғалардың тағдыры ерекше сипатта бейнеленген. Әсіресе, «Қара ала сырмақ» атауы — ұлттық дәстүр мен қазіргі заманның арасындағы байланыс пен рухани ізденістің көрінісі ретінде символдық мәнге ие.

Тапсырма:

Қазақтың көшпелі өмір салты: сол кезеңдегі қазақтың тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығы, өнері мен мәдениеті жайлы презентация немесе альбом құрастырып көр!





Сұлтанбеков Т. Ғажайып планета /
Т.Сұлтанбеков. – Алматы: Көкжиек -Горизонт,
2023.

Бұл балаларға арналған фантастикалық шығармалардың бірі. Кітапта ғарышта ерекше бір планета туралы әңгімеленеді. Оқиға бір топ жас балалардың ғарышқа саяхат жасауы арқылы басталады. Олар жаңа әлемді зерттей отырып, әртүрлі ғажайып және таңғажайып құбылыстармен танысады. Әрбір сәттері балаларды қызықтырып, оларды үлкен сынақтар мен қиындықтар күтіп тұрады.

Кітапта достық, батылдық, ізденіс пен ғылымға деген қызығушылық басты тақырыптар ретінде қарастырылады. "Ғажайып планета" жас оқырмандарды ғылымға, техникалық жетістіктерге, және ғарыш әлеміне деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Бұл кітапта балаларға ойлау мен қиялдың шекарасын кеңейтетін көп нәрсе бар.


Тапсырма:

Ғарыштағы күнтізбенді құр:
сенің қиялыңдағы ғарышта
тұратын фантастикалық
халықтың тұрмыс - тіршілігі
қандай болар еді?
Қандай ғарыштық мерекелер,
өмір сүру қағидалары болар
еді?
Сен оқыған шығармадағы
оқиғалармен байланысы бар
ма?



9-11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН КІТАПТАР ТІЗІМІ





Жұртбаев Т. Болашақтың бәйтерегі :
әңгімелер, хикаяттар, роман-новелла
/ Т. Жұртбаев. – Алматы : Қайнар,
2007.

«Болашақтың бәйтерегі» – белгілі
ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбайдың
жас ұрпаққа арналған тағылымды
еңбектерінің бірі. Бұл кітапта қазақ
халқының рухани құндылықтары,
ұлттық тәрбие мен білімнің маңызы
кеңінен қозғалады. Автор болашақ
ұрпақтың кемелді болып
қалыптасуы үшін тарих пен
мәдениеттің, ұлт мұраты мен
ізгіліктің маңыздылығын терең
талдайды.

Тапсырма:

Шығарманың
мазмұнын аудиоға өз
дауысыңмен басып,
бейнеролик дайындап
көр!





**Қаһарман қыз Хиуаз: әскери
ұшқыштың жазбалары, мақалалар,
естеліктер, сұхбаттар, өлең-жырлар /
Құраст. Н.Домбай – Алматы : Ана тілі,
2012. - 296 б.**



**Қахарман қыз Хиуаз кітабы – бұл қазақ
халқының батыр қызы Хиуаз ерлігі
мен өмір жолын сипаттайтын туынды.**

**Автор оның Ұлы Отан соғысына
қатысып, шайқастарда көрсеткен
батылдығы мен қажырлы еңбегін,
сондай-ақ әскери ұшқыш ретінде
ерлікпен күрескен сәттерін баяндайды.**

Тапсырма:

**Кітап бойынша
рецензия жаз:
шығарма кейіпкері,
шығарма мазмұны
мен құрылымын
бағалап, өз
рецензияңды ұсын!**





**Мұртаза Ш. Бойтұмар:
Әңгімелер / Ш. Мұртаза. –
Алматы : Раритет, 2006. – 256 б.**

**«Бойтұмар» – қазақтың белгілі
жазушысы Шерхан
Мұртазаның ел мен жер,
ұлттық рух пен адамгершілік
тақырыптарын арқау еткен
шығармалар жинағы. Бұл
кітапта автордың тағылымды
ойлары, терең философиялық
толғаныстары, қоғам мен
заман жайлы ой-пікірлері
жинақталған.**

Тапсырма:

**Шығарма картасын
жаса: шығармадағы
әлемнің көрінісін,
кейіпкердің бейнесін,
басты оқиғалардың
өтетін орындарының
суретін сал**





Мұратбеков С. Ескек жел:
әңгімелер : балалар және жастар
әдебиеті / С. Мұратбеков. –
Алматы : Раритет, 2004. – 278 б.

«Ескек жел» – қазақтың көрнекті
жазушысы Сайын Мұратбековтің
адам жанының нәзік қырларын,
балалық шақ пен жастықтың
естен кетпес сәттерін
суреттейтін шығармасы. Бұл
кітапта ауыл өмірі, табиғаттың
көркем көріністері және
кейіпкерлердің ішкі әлемі
шынайы бейнеленген.

Тапсырма:

“Кейіпкерді қорға”:
шығармадағы
кейіпкердің іс-
әрекетін қорғап, оның
неге дұрыс немесе
бұрыс екенін жаз







Найманбаев Қ. Данқ тұғырында :
деректі хикаяттар / Қ. Найманбаев. –
Алматы : Білім, 2014. – 264 б.

Өз елімізде өнерімен талай жанды
сүйсіндірген боксшы Ә.Нұрмаханов
пен балуан Ә.Айханов сынды ерлер
шет жерлерде де Отанымыздың ар-
абыройын жоғары ұстап, даңқын
көтергенін көпшілік біледі. Кітапта
осы спорт шеберлері жайлы сыр
шертеді.

Тапсырма:

Оқыған осы кітап
бойынша басты кейіпкер
жайлы сурет немесе
комикс кітабын
дайындап көр





Тапсырма:

1.Шығарма бойынша түрлі визуалдық жобалар дайындап көр:

- Шығарманың желісі бойынша комикс немесе сурет салу.
- "Қара пима" символына қатысты постер жасау.

2.Сұрақтарға жауап беріп, ойыңмен бөліс:

- Шығармадағы оқиғалар бүгінгі күні де кездесе ме?
- "Қара пима" қазіргі қоғамда қандай мағына беруі мүмкін?

Есдәулет Ұ. Қара пима: балаларға арналған өлеңдер/ Ұ.Есдәулет. – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2006. – 125 б.

“Қара пима” поэмасы қазақ әдебиетінің ерекше туындыларының бірі. Қара пима – қара түтін дегенді білдіреді. Бұл түтін күйікті, зұлымдықты, тозақты бейнелейді. Поэма трагедиялық сипатта, өйткені ол адамның ішкі және сыртқы әлемдегі күресін көрсетеді

